

- 12 Abor J., Biekpe N. How do we explain the capital structure of SMEs in sub-Saharan Africa?: Evidence from Ghana // J. Econ. Stud. 2009. Vol. 36, № 1. P. 83–97.
- 13 V Choudhary, A Bhardwaj. Impact of Firm's Characteristics in Determining the Capital Structure: A Study of Oil and Gas Industry in India // Business Review (GBR). 2013. Vol. 9, P. 41–46.
- 14 Ownership Concentration and Firm Performance in Emerging Markets: a Meta-analysis – Wang - 2015 - Journal of Economic Surveys - Wiley Online Library [Electronic resource]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/joes.12048> (accessed: 28.06.2018).
- 15 Marquardt D. An Algorithm for Least-Squares Estimation of Nonlinear Parameters // J. Soc. Ind. Appl. Math. 1963. Vol. 11, № 2. P. 431–441.
- 16 Bradley, M., Jarrel, G. and Kim, E. H. (1984) On the existence of an optimal capital structure: theory and evidence, Journal of Finance, 39(3), 857-80.
- 17 The Effect of Size, Growth, and Industry on the Financial Structure of Manufacturing Companies - Gupta - 1969 - The Journal of Finance - Wiley Online Library [Electronic resource]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/j.1540-6261.1969.tb00370.x> (accessed: 28.06.2018).
- 18 Hall G., Hutchinson P., Michaelas N. Industry Effects on the Determinants of Unquoted SMEs' Capital Structure // Int. J. Econ. Bus. 2000. Vol. 7, № 3. P. 297–312.
1. <https://kase.kz/ru/>

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор оценивает детерминанты структуры капитала и их влияния на принятие решения о финансовой структуре. Исследование также проливает свет на оценку структуры и степени пригодности компаний нефтегазового сектора. В настоящей работе проверяется обоснованность теорий компромисса и порядка распределения капитала для компаний нефтегазовой отрасли Казахстана, котирующихся на Казахстанской фондовой бирже.

SUMMARY

In this article, the author assess the determinants of capital structure and their influence in deciding the financial structure. The study also throws light in evaluation of pattern and degree of suitability of Oil and Gas Sector firms. This paper tests the validity of the trade-off and pecking order theories of capital structure for Kazakhstan Oil and Gas Sector firms listed on the KASE.

JEL Classification: G2: Financial Institutions and Services G21: Banks; Other Depository Institutions; Micro Finance Institutions; Mortgages

THE RISK OF SECOND-TIER BANKS IN CONDITIONS OF INSTABILITY AND THE MODEL OF ITS EVALUATION

K. M. Kazbekova,

PhD student, Narxoz University

A. A. Adambekova

Doctor of Economic science, Professor,

Narxoz University

ABSTRACT

Purpose of research – The analysis of the banking system of analytical control of the second level in the financial markets, identifying key issues and their use of risk management strategies. The basic aim of the bank is to analyze and control the model, as well as the model value.

Methodology – The article analyzes the correct application of the banking system of risk management, identifies key problems of risk management. Recommendations on effective use of the proposed methods and recommendations for the improvement of these systems are presented, and the financial situation of banks is analyzed by the model. The Banks are offered an effective structure of risk management, and as an example of its implementation it is recommended to use modern risk management models in the bank.

Original/Value – Nowadays, the banking sector of Kazakhstan is one of the most important sectors of the economy. It is necessary to take into account the priority areas of modernization of the banking system, now risk management is topical. The pace of the country's economic development, social and economic development and welfare depends on the level of development of the banking sector. In order to increase the competitiveness of Kazakhstan's banks in the international arena, it is necessary to ensure the sustainable development of the banking sector.

Findings – a brief description of modern methods of banking risk management systems and their practical importance.

Conclusion – Currently, financial institutions seek to improve the risk management process. Banking risks are socially and economically responsible processes that explain the importance of informing banks about the need for independent management of risk management systems. Despite of the continuing economic instability, as well as the negative impact of the environment, the task of improving the risk management process is to ensure the sustainability of development. The implementation of these tasks is only the introduction of a modern model of risk management system, which is individually developed, depending on the internal policies and strategies of each bank.

Keywords – risk management system, strategy, model, identification, monitoring, process, version (variant), complex, capital.

УДК 336.71; 336.72; 347.732; 336.77; 368

ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУ МОДЕЛЬДЕРІ

Қ. М. Қазбекова,

PhD докторант, Нархоз Университеті

А. А. Адамбекова

э.ғ.д., профессор, Нархоз Университеті

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қаржы нарығындағы екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдерді басқару жүйесін талдау, оларды тиімді қолданудың негізгі мәселелерін анықтау және тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстарды қарастыру болып табылады. Банктердің тәуекелін басқарудың негізгі мақсаты – тәуекелдерді басқару жөніндегі принципті, сондай-ақ оны бағалау модельдерін әзірлеп енгізу маңызды әрі қажетті болып табылатынын анықтау.

Әдістеме – Мақалада банктердің тәуекелдерді басқару жүйесін дұрыс қолдануы талданады, тәуекелді басқару бойынша негізгі мәселелер анықталады. Ұсынған әдістерді тиімді қолдану және осы жүйелерді жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі және гретл бойынша банктердің қаржылық жағдайы модельмен талданады. Банктерге тәуекелдерді басқарудың тиімді ұйымдастыру құрылымы ұсынылып, оны іске асырудың үлгісі ұсынылады, банктегі тәуекелдерді басқаруда заманауи модельдерді қолдану ұсынылады.

Түпнұсқа/құндылық – Қазіргі уақытта қазақстандық банк секторы экономика саласында маңызды секторлардың бірі болып табылады. Банк жүйесін жетілдірудің басым бағыттарын қарастыру қажет, тәуекелдерді басқару қазіргі уақытта өзекті мәселе болып табылады. Ел экономикасының даму қарқыны,

әлеуметтік-экономикалық және әл-ауқаттың қалыптасуы банк саласының даму деңгейіне байланысты. Халықаралық аренада қазақстандық банктердің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін, банк секторының тұрақты дамуын қамтамасыз ету керек.

Авторлық зерттеу – банктік тәуекелдерді басқару жүйесінің қазіргі заманғы әдістерінің қысқаша сипаттамасын және олардың тәжірибелік маңыздылығын анақтау болып табылады.

Қорытынды – Қазіргі уақытта қаржы институттарының алдында тәуекелдерді басқару үдерісінің тиімділігін арттыру міндеттемелері тұр. Банктік тәуекелдер әлеуметтік-экономикалық жауапты процестер болып табылады, бұл банктерде тәуекелдерді басқару жүйелерін дербес реттеу қажеттігі туралы ақпараттандырудың маңыздылығын түсіндіреді. Болып жатқан экономикалық тұрақсыздық, сонымен қатар сыртқы орта жағдайында болып жатқан кері әсерге қарамай тәуекелдерді басқару үдерісінің тиімділігін арттыру міндеттеріне дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етуіне мұрындық болады. Осы міндеттерді іске асыру тек әр банктің ішкі саясатына, стратегиясына байланысты жеке - дара әзірленген жүйесінің заманауи тәуекелді басқару моделін ендіруде болып табылады.

Түйінді сөздер – тәуекелдерді басқару жүйесі, стратегия, модель, идентификация, мониторинг, процесс, нұсқа, кешенді, капитал.

Қазақстан Республикасының экономикасының дамуының жаңа үлгісі Қазақстан Президентінің жолдауында айтылған «Қазақстан – 2050» стратегиясы: жаңа мемлекеттің саяси бағыты – жан-жақты экономикалық табыстылыққа және бәсекеге қабілеттілікке негізделген [1].

Жолдауда, ел экономикасының өзекті мәселелерінің бірі, банктердің өз миссиясын орындауы және өз ресурстарының нақты экономикаға қажеттілігін қамтамасыз ету жайлы сөз қозғалған. Банк саласы – тәуекел мен табыстың үнемі ымыраға түсуі. Қаржы нарығы, қаржы жүйесін қадағалау, бақылау, банктердің тұрақсыздық жағдайында тәуекелдерді басқару жүйесін дұрыс қолдану мәселелерімен тығыз айналысу керек екені анық.

Қаржы нарығындағы екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдерді басқаруы, теориялық және практикалық ережелерді зерттеуі, ішкі тәуекелдің құрылымын ұйымдастыру әдістерінің толық жетілдірілмегендігі және жеткіліксіз дамығаны байқалады. Қазіргі экономикалық тұрақсыздық жағдайында банк жүйесі экономика саласында маңызды секторлардың бірі болып табылатыны анық.

Экономиканың даму деңгейі, әл-ауқаттың өсуі банк саласының қарқындау деңгейіне байланысты. Дамыған мемлекеттердің алпауыт банктерімен қазақстандық банктердің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін, банк секторының тұрақты дамуын қамтамасыз ету керек. Банк жүйесін жетілдірудің ба-сым бағыттарын қарастыру қажет, сондықтанда тәуекелдерді басқару әрқашанда өзекті мәселе болып табылады. Тәуекелдерді басқару жүйесін дамытудың негізгі драйвері банк жүйесін реттеуші ұйымдар болып табылады [2].

Мақалада банктің меншікті құрылымы мен банктің ішкі ережелеріне байланысты банктік тәуекел ұғымына эмпирикалық баға беріледі. Ең басты – тәуекелді бағалау сапасына қойылатын талаптарды күшейту;

Ол үшін банктік тәуекелдерді басқарудың заманауи тиімді жүйесін ендіру қажет. Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізу банктердің тұрақты дамуына мүмкіндік береді, сонымен қатар халықтың банк ұсынатын қызметіне деген сенімін арттырады.

Жоғары ұлттық органдар қабылдаған тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі құжаттар Базель келісімдері болып табылады. Комитеттің негізгі міндеті банктік реттеу саласындағы бірыңғай стандарттарды енгізу болып табылады.

Базель I (1988) – капитал жеткіліктілігі туралы келісім. Банк қызметіндегі шешімді тәуекелді бағалау екі тәуелсіз шараны қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- теріс нәтиже ықтималдығы;
- Байланысты шығындар шамасы.

Банктің нарықтық құнының өсуіне, капиталын басқарудың тиімділігін өсіруге әсерін тигізеді. Осы мәселенің туындауы банктік тәуекелдерді басқару мәселесін көтеруге ұйытқы болды.

Тәуекелдерді басқару жүйелерінің проблемалары бірқатар ресейлік, қазақстандық және шетелдік авторлардың ғылыми жұмыстарында зерттелген.

Бұларға М.Ә. Бухтиннің ғылыми еңбектері [1] Т.Бартон [2] А.Г., Альгина, Б.И Лисак, У.М., Искаков И.Т., Балабанов Г.С., Панов Ступаков шетелдік авторлардың (B.C. I.laeven), (R levinel), (G Majnoni), (H Huizinga), (G Nicodemal), (D Klingebiel), (Джастин Цзинь Киридаран), (Джеральд Дж,Лоб) және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Бұл ғалымдардың еңбектері банк секторындағы тәуекелдерді басқарудың теориялық негіздерін оқып-үйрену, қаржылық тәуекелдерді бағалаудың әртүрлі модельдерін қолдану және басқарудың заманауи тәсілдерін ендіруге арналған. Банктердің менеджерлері мен банктің акционерлері арасындағы тәуекелдіктерге қатысты түсінбеушілікті, бұл мәселеге деген көзқарастың әртүрлігін байқаймыз.

Жалпы банктік тәуекелдерді алдын-алу немесе басқара білу көбінесе банктің акционерлеріне байланысты. Әр банктің құрылымына, стратегиясына байланысты тәуекелді басқару саясатының дұрыстығы оны қадағалау көбінесе банк акционерлеріне және банк басқармаларына байланысты болып келеді. Сонымен қатар ұлттық банк тарапынан қадағалауды күшейту қажет [3].

Соңғы жылдары банктік секторының даму динамикасындағы оң үрдістерді атап өтуге болмайды.

ҚР екінші деңгейдегі банктерді қарастырсақ 1993 жылдары 204 банк болған екен, ал 1994 жыл, яғни бір жылдың ішінде 184 банк қалған 9.8% құраған. Бұл жылдары егемендік алып нарықтық экономикаға бет бұрып, өзіміздің төл теңгеміздің мәртебесін нығайта отырып, қаржы саласында банк секторы енді тәй-тәй басқан кезі десек те болады.


Сондықтан осыншама банктің бір жылда жабылып қалуының да себебі бар, 1995 жылы 130 банк болса, одан 2002 жылы 38 банк қалған 29,2% құраған.

Сонымен 1993 жылдан 2002 жылға дейін 166 банк жабылған, яғни 18,6%. Ал 2005 жылы 35 банк болса, 2010 жылы 39 банк болған, яғни 3 банк қосылған. Ал қазір 2018 жылы қаржы нарығында небәрі 32 банк. Статистикаға үңілсек 1993 жылы 204 банк болса, 2018 жылы 32 банк қалуда (204-172) 15,6% құрап отыр.

Қаржылық дағдарыстың салдары, экономикалық тұрақсыздықтың әсері де банк саласына тікелей әсер етуде.

Банктердің санының күрт төмендеуіне экономикалық тұрақсыздық жағдайына байланысты болып отыр, сонымен қатар әсер еткен факторларды ескере отырып тәуекелдерді дұрыс басқара алмауында болып отырған банк иелері, яғни дұрыс жүргізілмеген ішкі тәуекелді басқару саясатымен дұрыс қойылмаған стратегияға байланысты болып отыр.

Оған әрине сыртқы факторлардың әсерін де ескергеніміз жөн болады. Сурет – 1-ден екінші деңгейдегі банктердің 1993 ж. мен 2018 ж. аралығында қысқарған санын көре аламыз.



Сурет – 1 ҚР ЕДБ 1993 ж. және 2018 ж. аралығындағы санының динамикасы.
(автордың статистикалық мәліметтерге сүйене отырып алынған мәліметтері)

Соңғы уақытта бірнеше банктар өз лицензиясынан айырылып, кей банктар бір бірімен біріктірілуде. Қазіргі қаржы нарығындағы банк саласына тоқталып кетсек банк секторы 32 екінші деңгейдегі банктен көрініс тапты, шетелдік банктің саны 14, оның ішінде 12 еншілес банк.

Банктердің активтер мен несие портфеліне тоқталып кетсек ҚР екінші деңгейдегі банктердің активтері 2018 жылғы 1 маусымда 23 507,2 млрд. теңге (2018 жылдың басында – 24 157,9 млрд. теңге), 2018 жыл бойғы азаюы – 2,7% болды [4]. Қаржы нарығындағы банктердің лицензияларының айырылуына, қаржы нарығынан кетуіне банктердің тәуекелдерді басқару жүйесінің дұрыс жүргізілмеуінде.

Корпоративтік басқарудың дұрыс болмауы, банк қызметкерлерінің тәуекелдерді алдын алып басқара алмауында болып тұр. Банктердің активтеріне тоқтала кетсек активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 52,4%) 13 397,6 млрд. теңге сомасындағы несие портфелі (негізгі борыш) алады (2018 жылдың басында – 13 590,5 млрд. теңге), 2018 жыл бойғы азаюы – 1,4% болды.

Заңды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 30,5% үлесімен 4 090,8 млрд. 2018 жыл бойғы азаюы – 1,2% болды. Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 33,2% үлесімен 4 454,3 млрд. теңге 2018 жыл бойғы ұлғаюы – 4,6% болды. NPL - жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен асқан өткен берешегі бар) 1 212,7 млрд. теңге немесе несие портфелінің 9,1% болды. Несие портфелі бойынша провизиялар 1947,9 млрд. теңге немесе несие портфелінің 14,5%-ы мөлшерде болды.

Банк секторының шығыны 328,1 млрд. теңге болды. Таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) – 0,37% болды; Таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE) – 3,01% болды [4].


Банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі – 41%; Несие портфелінің ЖІӨ-дегі үлесі – 23,4%; 5 ірі банктің ЕБД активтеріндегі үлесі – 55,8%; 5 ірі банктің жиынтық несие портфеліндегі үлесі – 58,5%.

Берілген статистикалық мәліметтер бойынша NPL – жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен асқан өткен берешегі бар) 1 212,7 млрд. теңге құрағанын көруге болады [5]. Яғни үмітсіз проблемалық несиелер, ең бірінші бұл банктің кірісіне несиелік портфеліне әсер етеді. Бұл банктің ішінде туындаған несиелік тәуекелдер [6]. Салыстырмалы түрде көршіміз Ресей Федерациясының банктерін алсақ, олардың банк жүйесі бізге жақын болып келеді, бірақ біздің банктердің басқан қадамдары әлсіздеу болып тұр.

Бұл жердегі банктердің санының көптігін халық тұрғындарының санын да ескерсек болады.

Ресей банктері бойынша статистикаға үңілсек 2008 жылы 1136 банк болған, 2012 жылы 978 банк қалған 86% қысқарған [7]. 2015 жылы 834 банк болған, ал 2014 ж. 923 банк, бір жылдың ішінде 89 банкке қысқарған (923 – 834). Статистикаға үңілсек 2007 ж. мен 2015 жылды салыстырсақ 302 банкке қысқарған 834 банкті құрап отыр (1136 – 834) 26,6%. Ал 2018 жылы 561 банкті құрап отыр, 2015 жылмен салыстырғанда (834-561) 303 банк лицензиясынан айырылған бұл 67,2% құрап отыр [8].

Сурет – 2-ден Салыстырмалы түрде ҚР банктері мен Ресей банктерінің 2008 ж. мен 2018 ж. аралығындағы өзгерістерді байқай аламыз. Біздің банктердің де Ресей банктерінің де көз қуантарлықтай жағдайдың жоқ екенін көреміз.



Сурет – 2 ҚР ЕДБ мен Ресей банктерінің 2008 ж. мен 2018 ж. аралығындағы банк санының салыстырмалы динамикасы берілген (автордың статистикалық мәліметтерге сүйене отырып алынған мәліметтері)

Осы цифрларға қарап ҚР банк секторы да РФ банк секторының тарихи шолу жасай отырып, бірнеше жылдың көлемінде қандай өзгерістерге жеткенін байқап отырмыз. Ешқандай да қуантарлық жағдай емес.

Ең жағымсыз нәрсе банктердің қысқаруы. Реттеу органдарының екінші деңгейдегі банктердің лицензиясын алуы, банктің қаржы нарығындағы жұмысын тоқтатуы, банктердің өз тәуекелдерін сауатсыз басқаруында болып отыр [9].

Банктік сектор экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда нашар, жалпы банктік қаржылық дағдарыстарды тұтастай алғанда барлық экономика саласына теріс әсер етеді. Банк секторы әртүрлі тәуекелдерге ұшырайды, экономикалық заңдылыққа да сүйенсек оның әсерін мүлдем жойып тастауға болмайды, сондықтан банк тәуекелді жою емес, тәуекелдерді басқара білу сонымен қатар, оның әсерін бақылау қажет.

Отандық банктер, ресей банктері де тәуекелдерді басқару жүйесін кейде тиімді қолданбайды.

Негізінен тек ірі банктер қызметін оңтайландыру үшін, ағымдағы процестегі тәуекелдерді бағалау үшін және банктің нарықтық құнын арттыру үшін басқару жүйесін пайдаланады.

Ал кішігірім, шағын банктер тәуекел-менеджмент жүйесін тәуекелдің алдын алу үшін емес, тек мемлекет тарапынан ұлттық банк тарапынан нормативтік талаптарды орындау керек болған соң ғана үстіртім ретінде қарайды. Басында жүргізілмеген тәуекел-менеджменттің салдарынан осы кішігірім банктер қаржы нарығындағы бәсекелестерге шыдамай жабылып жатады [10].

Салыстырмалы Чехия банктерін алатын болсақ ол жақта банктер монополияланған, мемлекеттік банктерден суырылып шыққан 4 ірі банктер активтердің 60% қадағалайды.

Экономикалық дамыған мемлекеттердің қабылдаған белгілі бір принциптеріне сүйенеді.

Банк саласы үкіметтің саясатына бағынбайды, ол өз тарапынан монетарлық саясатқа оң әсерін тигізеді. Чехияда 40 шақты ірі банктер бар, олардың арасында акция пакеттері шетелдік акционерлердің де иелігінде. Банктің өз стратегиясында клиенттердің қаржы қаражат жайындағы мәліметтерді құпия ұстайды, салық органдары болсын, полиция тарапынан клиент жайлы сұраған мәліметтер болсын, банк клиент жайлы ақпаратты таратпайды, бұл клиенттердің банкке деген сенімін толықтырады. Банк тарихында шетел азаматтарының салған қаржы қаражаттары ешқашан конфискацияға ұшыраған емес. Сонымен қатар банк тарапынан кепілдік берілген.

Шетел азаматтары кронмен немесе басқада шетелдік валютамен өз қаражатын сақтай алады. Мемлекет тарапынан әр клиентке егер банк тарапынан белгілі бір мәселелер туындаса 400 мың кронға дейін алуына заңды түрде кепілдік берілген.

Банк секторындағы тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу міндетті болып табылады, ол бірқатар нормативтік-құқықтық актілер, мемлекеттік және халықаралық стандарттар жүзінде жүзге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуде, тәуекелдерді басқару әдістерін тандау, тәуекелдерді бағалауда банктер ең тиімді деп санайтын әдістерді тандауға құқылы, бірақ банктің барлық қолданған әдістері нормативтік-құқықтық талаптарға сай болуы тиіс [11].

Басқа авторлардың зерттеуін талдай отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу барысында банктерде туындайтын бірқатар мәселелерді анықтай аламыз.

Тәуекелдерді басқару әр бөлімшеге емес тікелей бөлімшелерге берілгені дұрыс, яғни тек тікелей, қатаң шектеулі функционалға бағытталған тәуекелді басқару департаментіне ғана. Тәуекел-менеджментте туындайтын мәселелерге тоқталып кетсек:

- ✓ Тәуекелдерді басқару үшін жеке құрылымдық бөлімшенің болмауы.
- ✓ Тәуекелдерді басқарудың сапалы процесін қамтамасыз етпеуі.
- ✓ Әртүрлі бөлімшелер арасында өкілеттігін қайталаудың жоғары деңгейі, (яғни жасалған жұмысты қайталау).
- ✓ Банктің стратегиясының тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес келмеуі.
- ✓ Тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерінің тиімсіз жиынтығы.
- ✓ Тәуекелдерді бағалаудың ресми әдістемесі және бірыңғай стандарттардың жоқтығы.
- ✓ Банктік тәуекелдерді басқару жүйесіне мониторинг жасаудың қиындығы.

Осы мәселенің барлығы банктік тәуекелдерді басқару жүйесіне мониторинг жасауға тежеу болып тұр. Онсыз мониторинг механизмінің тиімді жұмыс істеуі қиындау. Тұрақты ішкі бақылаудың жоқтығы, реттеу органдарының талаптарына байланысты құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жасаған қызметтерінің талаптарға сәйкес келмейді [12].

Банк қызметтерін оңтайландыру үшін және экономикалық көрсеткіштерді жақсарту үшін, банктер тәуекелдерді басқару үдерісінде соңғы технологияларды қолдануы қажет. Тәуекелдерді басқару жүйесін жүзеге асыру барысында, негізгі стратегиялық сәттердің бірі - банктің бизнес процесс моделінде тәуекелдерді басқарудың ойып алатын өз орнын анықтау қажет. Тәуекелдерді басқарудың мақсаттарын, қазіргі даму стратегиясына сәйкестендіру керек [13].

Бұл жаңарту бизнес процесстерін жоғары басшылық деңгейде жүргізуі тиіс. Тәуекелдерді басқару процесі жүйелі тәсілмен жүргізілуі қажет, банк ішіндегі барлық қызмет түрлерін қамти отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылуы қажет.

Осындай тәсілдің көмегімен мониторинг процесін жүргізу, сәйкестендіру (идентификация) бағалау, бақылау және басқару процесін қамтамасыз ету мүмкін болады. Бұндай процестер осындай санаттар арасындағы тепе-теңдікті орнатуға көмектеседі тәуекелді минималды түрде шектеу арқылы табыс табуына септігін тигізеді [14]. Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту интеграция принципіне негізделуі керек, бұл банктің барлық құрылымдық бөлімшелерінде тәуекелдерді басқару процесінің өзінде, тәуекелдерді басқарудың өз мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Тәуекелдерді басқару мәдениетінің қалыптасуы, барлық құрылымдық бөлімшелер арасында тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын және осы процесті жүзеге асыру қажеттілігі бойынша түсіністік қалыптастырады. Өз қызметінде бұл процесті жүзеге асыру қажеттілігі тек арнайы департаменттерде емес барлық бөлімдер мен бөлімшелерде, құрылымдық бөлімшелерде, басқа да департаменттерде орын алғаны дұрыс.

Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару мәдениетінің деңгейі -инвесторға банк позициясының қызығушылығының индикаторы болып табылады [15].

Банк өкілдерінің қызығушылығын қамтамасыз ету үшін, тәуекелдерді тиімді басқаруды жүзеге асыру үшін, банк секторының барлық деңгейлерінде біріншіден, мүдделер қақтығысын жою қажет.

Яғни тәуекелдерді басқару және осы тәуекелдерді тудыратын бөлімшелер арасындағы түсінбеушілікті жою қажет. (Бэк және миддлофис, фронт офис) [16].

Қазіргі банктік тәжірибеде тәуекелдерді басқарудың әртүрлі тәсілдері бар, көбінесе бұл (опция) тәуекелдерді басқару бэк-офис (функцияларын) ішінара орындайды, ал фронт-офис тек қадағалау ретінде іске асырады.

Фронт офистің басшылары бұл тәсілмен тәуекелдерді басқару бойынша өзара іс-қимыл жасай алмайды. Оларды тығыз байланыстыру процесі операциялық қызметті, іс-шараларды одан әрі іске асыруда қиындықтарға, түсінбеушілікке әкеледі [17]. Сондықтан тәуекел-менеджментті құрудың неғұрлым оңтайлы нұсқасын ұсыну қажет.

Тәуекел -менеджмент өз функциясын орындап қана қоймай, жартылай фронт офис қызметін орындаса, фронт офистің жұмыс істеу қызметі банктің тәуекел -менеджмент департаментімен бақыланып отырса дұрыс болады. Фронт-офистің тәуекелді ескере отырып инвестициялық идеяны қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді, бұл бір мезгілде тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды жүзеге асырылатындығын білдіреді.

Тәуекелдер деңгейін және тәуекелдерді басқаруды талдай отырып, рентабельділікті барынша арттыру үшін реттеуге болады.

Яғни пайда = тәуекел.

Мұндай көзқараспен, фронт-офис пен тәуекел-менеджмент арасындағы мүдделер қақтығысы жоғалады. Банктің осындай тәсілін қолдану мүмкіндігін іске асыру үшін, тәуекел-менеджмент функцияларын, жауапкершілігін нақты айқындау қажет.

Сондықтан, тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымының иерархиялық моделін құру қажет [18].

Тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымының ұсынылған моделін қолданған кезде, банк топтарының деңгейі мен құрамын ескеру қажет және осыған байланысты ұйымдық құрылымды құру мүмкін болады, жүйедегі байланыстарды азайтуға болады.

Тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымының ұсынылған үлгісін қолду кезінде ұйымдық құрылымды ескере отырып олардың функцияларын басқа бөлімшелерге беру мүмкіндігін қарауға болады.

Банктегі тәуекелдерді басқару процесі үздіксіз болуы керек және барлық құрылымдарды қамту қажет, тек тікелей бұл тәуекелдерді қарастыратын бөлімдер ғана емес. Банк Басқармасынан бастап құрылымдық бөлімшелер деңгейіне дейін бұл жүйені қамту қажет [19].

Банктің Басқармасы Директорлар кеңесі (Бақылау кеңесі) тәуекелдерді басқару мәселелеріне қатысты өзара қарым қатынаста болу керек, және оған бағыну қажет. Банктің Басқармасы банктің операциялық қызметін басқарады, оның тиімді және тұрақты қызметін қамтамасыз ете отырып, шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Банктің қадағалау кеңесі басқаруға жауапты бөлімшелерді анықтайды, сондай-ақ олардың өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ банктің тәуекелді басқару саласындағы саясатты қалыптастырады.

Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруды, тәуекелдерді басқарудың жалпы стратегиясын, тәуекелді басқару саясатын қажетті ережелер мен процедуралар арқылы басқаруын бақылап отыру қажет.

Банктің Директорлар кеңесі, Тәуекелдер жөніндегі комитетті және Аудит жөніндегі комитетті құрады, ал оларды тәуелсіз директорлар басқарып отырады.

Тәуекелдер комитеті, жалпы басшылықтың нұсқауларын орындауы қажет және банктегі тәуекелдерді басқару жүйесін жүзеге асыру керек. Банктегі тәуекелдерді басқару жүйесін, стратегия мен шешімдерді жүзеге асырудың ішкі мониторингін, басқару жүйесінің тиімділігін, банктегі тәуекелді бағалаудың жолдарын қарастырады [20].

Банкте тәуекелдерді басқару функцияларын бөлуді қамтамасыз ету үшін жеке құрылымдық бөлімше құру қажет, ол тек банктегі тәуекелді басқаруға тікелей жауапты болады.

Банктегі осындай құрылымдық бөлімше тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке және Банктің Басқармасына есеп береді.

Тәуекелдерді басқару қызметі тәуекел-менеджерге (андеррайтер) жүктеледі ол банк басшысына тікелей есеп береді және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылады.

Сондай-ақ, банктің операциялық бөлімшелері арасындағы, тәуекелді басқару бойынша қызметкерлердің өз функцияларын ресми түрде ресімделіп құжатталуы тиіс.


Банктің қызметкерлері, әр департаменттің өкілдері өзінің атқаратын функциялары жайында қойылған талаптарынан хабардар болу қажет, жұмысқа кірерде өз міндеттерімен таныс болу керек. Себебі әр білікті маман банктің өсіп өркендеуіне өз үлестерін қосатынын ұмытпағаны жөн.

Ал банк тарапынан өз мамандарының біліктілігін арттыра отырып, инновациялық жаңа технологияларды ендіруіне көмек беру қажет.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу үшін банк нақты қадамдарды анықтауы керек.

Тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыруда тәуекелдерді басқарудың негізгі кезеңдерін ескеру қажет.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу моделі суретте көрсетілген.



Сурет 3 – Банкте тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу моделі (автормен құрастырылған)

Бұл модель тәуекелдерді басқару жүйесін толық іске асыру үшін қажет. Модель жеткілікті икемді болып табылады және жағымсыз сыртқы және ішкі факторлар анықталған кезде, тиісті әрекеттер қолдана отырып тез икемделіп, қажетті шешімдер қабылдауға болады.

Тәуекел-менеджментті жүйесін ендірі моделі банктегі тәуекелдерді басқарумен интеграцияланған. Ол басқару жүйесінде мыналарды қамтиды:

1. Тәуекелдерді анықтау;
2. Өлшеу және бағалау;
3. Ішкі мониторинг;
4. Тәуекелдерді басқару;
5. Тәуекелдер деңгейін шектеу (азайту) [21].

Сондай-ақ бұл модельде тәуекелдерді бақылаудың барлық кезеңдерінде іске асырылуы қамтамасыз ететіні анықталады.

Ұсынылған модельді жүзеге асыру үшін банк тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру мен жұмыс істеу үрдісінде басқару, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бойынша өкілеттіктердің нақты бөлінуін қалыптастыру тұрақты қатысуын қамтамасыз ету қажет. Тәуекелдерді басқарудың дамыған ұйымдық құрылымы мен банкте тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу моделі [22].

Бұл кестеде тәуекелді басқару жүйесін ендіру бойынша банктің басқару кеңесінен атқаратын функциялары қарастырылған. Бұндай иерархиялық сатысы тәуекелді басқару жүйесінің тиесілі міндеттемелері мен тәуекелге қатысты атқаратын функциялары тәуекел менеджменттің маңыздылығын көрсетеді. Банктің өсіп өнуі де немесе дефолтқа ұшырауы да осы тәуекелді жүйелі басқаруында болып табылады. Банк акционерлерінің стратегиясының дұрыс болмауы және ұлттық банк тарапынан қадағалауды жіберіп алуынан болып отыр. Бұл біріншіден халық тарапынан банк секторына деген сенімсіздікті білдіреді.

Қаржы нарығында ойып орын алған «Казкоммерцбанк» АҚ жағдай мүшкіл болып, «Халық банк» АҚ иелігіне өтуде. Банктің несиелік портфелінің нашарлауы түрткі болып отыр. Дегенмен «Казкоммерцбанк» АҚ Тәуекелдерді басқару департаменті нарықта болып жатқан тәуекелдерді ескере отырып өз стратегияларын жүргізген болатын. Банк ең басты өз тұтынушыларының санына емес сапасына көңіл бөлетін.

Дегенмен де экономикалық тұрақсыздық жағдай, яғни банк саласына әсер ететін сыртқы факторлар өз зардабын тигізіп кетті. Бұл жерде, корпоративтік басқару жүйесі экономикалық тұрақсыздық және саяси жағдайлар да әсерін тигізді.

Қазіргі 2018 ж. жағдай бойынша «Халық банк» АҚ көшбасшы болып тұр. «Халық банк» АҚ-ның қаржылық көрсеткіш деректері негізінде көптік корреляциялық-регрессиялық талдауы жүргізілді.

Талдауда GRETЛ бағдарламасы қолданылды. Алынған талдау нәтижесінде көрсеткіш (Y) банктің жиынтық кірісі болды.

Себебі, қаржы нарығындағы екінші деңгейдегі банктер нарықтағы бәсекелестік жағдайында пайда табуды көздейді.

Банктің басты міндеті – артық тәуекелге ұшырамай, қосымша кіріс алудың ең көп мүмкіндігін табу. Максималды табысқа қол жеткізу, әдетте, банк ресурстарын барынша тиімді пайдалану есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар банк өзінің ішкі тәуекелдерін дұрыс басқара отырып, тәуекелдің алдын алу керек, бұл ең басты банктің кірісіне бірден бір әсер етеді.

Банктің кірісіне әсер ететін индикаторлық факторлар ретінде негізгі қаржылық көрсеткіштер пайдаланылды.

Олардың ішінде біз мыналарды анықтадық: X1-капитал, X2-Активтер, X3 - Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыздар мен несиелер, X4 - 90 күннен астам мерзімі өткен кредиттер[23]. Егер X4 тоқтала кетсек, сонау 2007 жылдан басталған қаржылық дағдарыс банк саласына өз таңбасын сала кетті. Банк клиенттерінің экономиканың тұрақсыздық салдарынан, клиенттердің әлеуметтік жағдайының нашарлауынан төленбеген проблемалық несиелер көбейіп кетті, яғни ол 90 күннен асқан несиелер. Банк үмітпен пайда табамын деп үстеме пайызбен берген несиелер, керісінше үмітсіз несиелерге айналды 90 күннен асқан проблемалық қарыздар көбейе бастады, бұл бірінші кезекте банктің несиелік тәуекелді алдын ала талдау арқылы басқара алмауында болып отыр, сонымен қатар сыртқы факторлар да әсерін тигізіп отыр. Ол банктің кірісіне активіне әсер етеді. Осы факторларды ала отырып корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізілді.

Көптік корреляциялық-регрессиялық талдауды статистикалық зерттеулер жүргізе отырып, талдамаса болмайды. Осыған байланысты, «Халық банк» АҚ жылдық есептерді өңдеу нәтижесіндегі мәліметтер алынды. Банктің кірісіне, пайдасына қандай факторлар әсер ететінін анықтау үшін, осыған байланысты ақпараттарды, жылдық қаржылық көрсеткіштері жайлы ақпараттарды жинай отыра Excel және Gretl бағдарламаларын пайдалана отырып талдау жүргізілді.

Қарапайым қалыпты үлестіру жағдайында қарапайым тәуелділіктің және жеткілікті қатаң нысаны сызықты пішінді құрайды, яғни форманың тәуелділігі:

$$y = a_0 + a_1x_1 + a_2x_2 + \dots + a_px_p \quad (1)$$

Барлық айнымалы мәндерді теңдеуге қосу керек пе немесе анықтау керек пе, немесе Y мәніне елеулі әсер етпейтін айнымалы мәндер бар екенін және оларды теңдеуге қосудың қажеті жоқ екенін анықтау қажет (1).

Бұл шешімді шешу үшін барлық 4 фактор үшін жұптық корреляция коэффициенттерінен тұратын кесте құрастырылды.

Кесте -1. Корреляция матрицасы

	y	x1	x2	x3	x4
y	1				
x1	0.914589338	1			

Кестенің жалғасы

x2	0.820241226	0.874785245	1		
x3	0.910312218	0.919857017	0.955665905	1	
x4	-0.547077993	-0.624604021	-0.326906076	-0.350439563	1

Кестеде – 1 алынған мәліметтерге сүйенсек, X1, X2, X3 факторлары Y коэффициентімен тығыз байланысты (корреляциялық коэффициенттер тиісінше тиісінше 0,91, 0,82, 0,91) және кері әсер бар (-0,55).


Бірақ күшті байланысқа қарамастан, модельден X2, X3 предикторларын алып тастаймыз, өйткені олардың арасында мультиколлинеарлы (Multicollinearity) әсер бар.

Мультиколлинеарлы болғандықтан көптеген регрессиялық талдауды тиімді қолданудың негізгі кедергілерінің бірі болып табылады.

Осылайша, регрессиялық теңдеу құрамыз:

$$y = a_0 + a_1x_1 + a_2x_4 \quad (2)$$

Төменде алынған факторларға регрессия теңдеуімен есептелген мәндерінің графигі көрсетілген.



Сурет 4 – «Халық банк» АҚ мәліметтерінің факторларының корреляциялық регрессиялық талдауы.


Алған факторларды X1, X4 GRETL бағдарламасы арқылы маңызды екенін тексере аламыз.
Модель 1: МНК кіші квадраттар әдісі (метод наименьших квадратов)

Модель 1: МНК, пайдаланған бақылаулар 2014:01-2018:05 (T = 47)
Тәуелді айнымалы: incomYkipic

	Коэффициент	Ст. кателер	t-статистика	P-мағынасы	
const	41291,1	5193,89	7,9499	<0,00001	***
CapitalN1	4,70034e-05	3,89469e-06	12,0686	<0,00001	***
L	7,92062e-06	1,55505e-05	0,5093	0,61305	
Среднее зав. перемен	64313,74		Ст. откл. зав. перемен	5403,390	
Сумма кв. остатков	2,18e+08		Ст. ошибка модели	2227,595	
R-квадрат	0,837432		Испр. R-квадрат	0,830043	
F(2, 44)	113,3282		P-значение (F)	4,39e-18	
Лог.правдоподобие	-427,4479		Крит. Акаике	860,8959	
Крит. Шварца	866,4463		Крит. Хеннана-Куинна	862,9846	
Параметр rho	0,785967		Стат. Дарбина-Вотсона	0,355976	

Талдай отырып, біз болжамды X4, оның мультиколлинеарлы болмағанына қарамастан, оның P-мәні 0,05-ден жоғары болғандықтан, тендеудің үлгісіндегі маңыздылығын растайды. Яғни біздің модель мынадай тендеу күйінде шығады.

$$y = a_0 + a_1 x_1 \quad (3)$$



Сурет 5 –Тендеу моделі (Модель уравнение)

Алынған мәліметтер негізінде көптік регрессиялық тендеу жазылуы мүмкін: $incomY = 4.38e + 04 + 4.58e-05 * Capital N1$

Бірақ біз өзіміздің моделіміз маңызды деп есептегеннен кейін ғана сенімді бола аламыз:

1) Стьюдентт-критериясын көмегімен көп регрессиялық тендеу коэффициенттерінің статистикалық маңыздылығын бағалау.

2) Жасалған модельдің статистикалық маңыздылығын және зерттеу объектісін талдау және болжау үшін оны қолданудың орындылығын сипаттайтын Фишер критерийінің көмегімен тұтастай алғанда регрессиялық модельдің сапасы бағаланады.

Модель 2: МНК, пайдаланған бақылаулар 2014:01-2018:05 (T = 47)
Тәуелді айнымалы: incomY(пайда,кіріс)


	Коэффициент	Ст. қате	t-статистика	P-мағынасы	
const	41291,1	5193,89	7,9499	<0,00001	***
CapitalN1	4,70034e-05	3,89469e-06	12,0686	<0,00001	***
L	7,92062e-06	1,55505e-05	0,5093	0,61305	
Среднее зав. перемен	64313,74	Ст. откл. зав. перемен	5403,390		
Сумма кв. остатков	2,18e+08	Ст. ошибка модели	2227,595		
R-квадрат	0,837432	Испр. R-квадрат	0,830043		
F(2, 44)	113,3282	P-значение (F)	4,39e-18		
Лог.правдоподобие	-427,4479	Крит. Акаике	860,8959		
Крит. Шварца	866,4463	Крит. Хеннана-Куинна	862,9846		
Параметр rho	0,785967	Стат. Дарбина-Вотсона	0,355976		

Біздің жағдайымыздағы тәуелсіз фактор X1 маңызды болып тұр, өйткені оның P-мәні P = 0,05-ден әлдеқайда аз екенін көреміз, яғни нөлдік гипотеза қабылданбайды және баламалы гипотеза расталды.

Сондай-ақ, біз оны мәндер арқылы тексере аламыз t-статистика

X1 = 12.07 нақты мәні кесте мәнінен үлкен болуы керек.

GRETЛ бағдарламасын пайдаланып тексереміз.




Сурет 6. Gretl: Сыни құндылық (Критическое значения)

GRETЛ бағдарламасын пайдалана отырып келесі есепті шығарамыз:

Суретте мәнінің 2,0141 екенін көріп отырмыз, бұл X1 = 12.07 есептелген есептелген мәндерден аз, сондықтан x1 коэффициентіміз маңызды болып табылады және тендеу моделі үлгісінен шығарылмайды. Енді біз алдымыздағы үлгінің маңыздылығын тексеріп көрейік:

incomY=4.38e+04+4.58e-05*CapitalN1 Fisher (Фишер критерии) өлшемі бойынша.



Сурет 7 Gretl:Сыни құндылық (Критическое значения)

$F = 113.3282$, яғни $F = 4.057$ кестеден үлкен.

Демек, біздің модель өзекті және маңызды болып табылады және әрі қарай болжау үшін пайдаланылуы мүмкін деп айтуға болады.

Регрессиялық теңдеуді интерпретациялау: $\text{incomY} = 4.38e + 04 + 4.58e-05 * \text{CapitalN1}$ келесі болады. Қарастырылып отырған кезең ішінде, капитал мөлшерінің ұлғаюымен, оның орташа деңгейінің 1%-ында таза пайда = Y орташа 0,46% -ға өсті.

1-кестеден R-квадрат = 0.84 және көбінесе R корреляциялық коэффициентінің емес екенін, бірақ оның көпше (жалпы) анықтау коэффициенті деп аталатын R^2 квадраты екенін көреміз.

$R^2 = 0.84$ коэффициенті тиімді индикатордың ауытқуының 84% моделіне енгізілген факторлармен түсіндіріледі, ал 16% біз модельге кірмеген басқа факторлармен түсіндіріледі.

Корреляциялық-регрессиялық талдау барысында біз капиталдың пайдаға (табысқа) елеулі түрде индикатор болатынын анықтадық.

Себебі, капитал – бұл банк қызметінің қаржылық негізі және ресурстың көзі болып табылатын банктің меншікті қаражаттарының сомасы. Клиенттерге банктің сенімін сақтауға және кредиторларға қаржы беруді көздейді. Банктің тұрақтылығы қарыз алушылардың сенімін қамтамасыз ету үшін қажет. Банктің капиталы жеткілікті мөлшерде болуы керек, қолайсыз экономикалық жағдайда банк клиенттеріне несиелерге және қажеттіліктерін қанағаттандыра алу керек. Банктік тәуекелдер әлеуметтік-экономикалық жауапты процестер болып табылады, бұл банктерде тәуекелдерді басқару жүйелерін дербес реттеу қажеттігі туралы ақпараттандырудың маңыздылығын түсіндіреді.

Қаржы институттарының алдында тәуекелдерді басқару үдерісінің тиімділігін арттыру міндеттері тұр. Болып жатқан экономикалық тұрақсыздық, сонымен қатар сыртқы орта жағдайында болып жатқан кері әсерге қарамай тәуекелдерді басқару үдерісінің тиімділігін арттыру міндеттеріне дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етуіне мұрындық болады. Осы міндеттерді іске асыру тек әр банктің ішкі саясатына, стратегиясына байланысты жеке – дара әзірленген жүйесінің заманауи тәуекелді басқару моделін ендіруде болып табылады. Бұл жүйе инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған, сандық және сандық көрсеткіштерді ескере отырып, тәуекелдерді бағалаудағы факторларды қарастыра отырып, кешенді үздіксіз басқаруды енгізу, тәуекелдердің алдын-ала тануды және тәуекелдерді болдырмауды қамтамасыз етеді.

Банктердің несиелік тәуекелдер жүйесінің орнықты даму теориясының ғылыми-әдістемелік базасын пайдалана отырып, ішкі тәуекелдерді басқару жүйесін ынталандырудағы рөлінің артыру керектігі мақалада көрініс тапты.

Сонымен қатар екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдерді басқаруда заманауи тәсілдерді қолданылуын жетілдіру жолдарын қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы., Астана, 2012.,
2. Искаков Ұ.М., Банк ісі: Оқулық.- Алматы: Экономика, 2013. - 776б
3. Бухтин М.А. Риск-менеджмент в кредитной организации: методология, практика, регламентирование / М.А. Бухтин.М.: ИД Регламент, 2018.
4. Қазақстан Ұлттық Банкі ресми –интернет ресурсы [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: www.nationalbank.kz
5. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: www.stat.gov.kz 2018)
6. Лобанов А. А., Чугунов А. В. Энциклопедия финансового риск - менеджмента». – 2-е изд., переработанное и дополненное – М.: Альпина Бизнес Букс, 2013.
7. [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.cbr.ru> Центральный банк России
8. Количество банков в России — динамика за 2007-2018 годы [Электронный ресурс]. Режим доступа: bankirsha.com/kolichestvo-bankov-v-rossii-na-konec-goda-finansovyi-krizis-ustavnoikapital
9. Ярунин. И., «Как казахстанские банки пережили 2016-2017 год», www.lsm.kz, 2017-2018г
10. Темниченко М. Н. Перспективы риск – менеджмента // Финансовый менеджмент. – 2011. – № 2.
11. Лисак Б. И. Интегрированный риск-менеджмент в банках: учебник. – Алматы: Издательство «Экономика», 2013.
12. Коновалова О. М. методика (стандарт) оценки эффективности управления банковскими рисками // Банковское дело. – 2009. – № 3. – С. 12-20.
13. Кремер Н. Ш. Теория вероятностей и математическая статистика: Учебник для вузов. – 2-е изд. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004. – 479 с.
14. Савчук К. В. комплексный подход к управлению операционными рисками в кредитной деятельности банка // Банковские услуги. – 2009. – № 8. – С. 22-29.
15. Чимириш А. В. Операционные риски и внутренний контроль в банках: Обратная связь // Банковские услуги. – 2009. – № 3. – С. 22-30.
16. Бартон Т. Комплексный подход к риск- менеджменту: стоит ли этим заниматься / Т. Бартон, Шенкир У., Уокер П.; пер. с англ. — М.: Издательский дом «Вильямс», 2003. — 208 с.
17. Дамодаран А. Стратегический риск-менеджмент. Принципов и методов. – М.: Вильямс 2010. – 496 с.
18. Mayes D. G. Banking Crisis Resolution Policy – Lessons from Recent Experience: which elements are needed for robust and efficient crisis resolution [Electronic Source]https://www.researchgate.net/publication/45138241_Banking_crisis_resolution_policy_lessons_from_recent_experience_which_elements_are_needed_for_robust_and_efficient_crisis_resolution 25.07.2018)
19. Zigraiova D. Management Board Composition of Banking Institutions and Bank Risk-Taking; the Case of the Czech National Bank // Working paper series 14. – 2017.
20. James A. Wilcox. Yukihiro Yasuda // Government guarantees of Loans to small businesses: Effect on Banks Risk-Taking and Non-guaranteed Lending.
21. /Simone Varotto. Lei Zhao // Journal of International Money and Finance. Volume 82. April 2018. pages 45-70 // Systematic risk and bank size
22. Berger A. N., Kick T., Schaeck K. Executive board composition and bank risk taking // Journal of Corporate Finance. – 2014. – № 28. – pp. 48-65.
23. Официальный сайт Народного банка [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://halykbank.kz>

REFERENCES

1. Nazarbayev NA Strategy "Kazakhstan-2050": Address of the President to the people of Kazakhstan, Astana, 2012.,
2. Iskakov UM, Banking: Textbook - Almaty: Economics, 2013. - 776p
3. Bukhtin. MA Risk Management in a Credit Institution: Methodology, Practice, Regulation / M.A. Bukhtin. M.: ID Regulations, 2018. 182, b.

- 4 web-site of the National Bank of Kazakhstan [Electronic. resource]. - 2018. - URL: www.national-bank.kz
- 5 The official website of the Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan [Electron. resource]. - 2018. - URL: www.stat.gov.kz 2018)
- 6 Lobanov AA, Chugunov AV Encyclopedia of financial risk management. - 2 nd ed., Revised and enlarged - Moscow: Alpina Business Books, 2013.
- 7 [Electronic. resource]. - 2018. - URL: <https://www.cbr.ru> Central Bank of Russia
- 8 Number of banks in Russia - dynamics for 2007-2018 [Electronic resource]. Access mode: bankirsha.com/kolichestvo-bankov-v-rossii-na-konec-goda-finansovyi-krizis-ustavnoikapital
- 9 Yarunin. I., "How Kazakhstan banks survived the 2016-2017 year.", Www.lsm.kz, 2017-2018
- 10 Temnichenko MN Prospects of risk management // Financial management. - 2011. - No. 2.
- 11 Lisak BI Integrated risk management in banks: a textbook. - Almaty: Publishing House "Economics", 2013.
- 12 Konovalova OM Methodology (standard) for assessing the effectiveness of banking risk management // Banking. - 2009. - No. 3. - P. 12-20.
- 13 Kremer N.Sh., Probability Theory and Mathematical Statistics: A Textbook for High Schools. - 2 nd ed. - Moscow: UNITY-DANA, 2004. - 479 p.
- 14 Savchuk KV integrated approach to managing operational risks in the bank's credit activity // Banking services. - 2009. - No. 8. - C. 22-29.
- 15 Chimiris AV Operational risks and internal control in banks: Feedback // Banking services. - 2009. - No. 3. - P. 22-30.
- 16 Barton T. An integrated approach to risk management: is it worth doing this / T. Barton, Schenkir U., Walker P.; trans. with English. - M.: Publishing house "Williams", 2003. - 208 p.
- 17 Damodaran A. Strategic risk management. Principles and methods. - Moscow: Williams 2010. - 496 p.
- 18 Mayes D. G. Banking Crisis Resolution Policy – Lessons from Recent Experience: which elements are needed for robust and efficient crisis resolution [Electronic Source]https://www.researchgate.net/publication/45138241_Banking_crisis_resolution_policy_lessons_from_recent_experience_which_elements_are_needed_for_robust_and_efficient_crisis_resolution 25.07.2018)
- 19 Zigraiova D. Management Board Composition of Banking Institutions and Bank Risk-Taking; the Case of the Czech National Bank // Working paper series 14. – 2017.
- 20 James A. Wilcox, Yukihiro Yasuda // Government guarantees of Loans to small businesses: Effect on Banks Risk-Taking and Non-guaranteed Lending.
- 21 Simone Varotto, Lei Zhao // Journal of International Money and Finance. Volume 82. April 2018. pages 45-70 // Systematic risk and bank size
- 22 Berger A. N., Kick T., Schaeck K. Executive board composition and bank risk taking // Journal of Corporate Finance. – 2014. – № 28. – pp. 48-65.
- 23 The official website of the Halyk Bank [Electron. resource]. - 2018. - URL: <https://halykbank.kz>

РЕЗЮМЕ

Отсутствие обобщенного управления рисками и банковского опыта приводит к издержкам и снижению рентабельности банков второго уровня. Банки разрабатывают разные модели минимизации рисков. В своей деятельности им приходится иметь дело со многими видами риска. Методы и модели оценки финансового состояния банков не всегда актуальны и нуждаются в улучшении. Важно разработать единый подход к оптимизации банковской системы, что невозможно без использования экономико-математического моделирования.

RESUME

The current methods and models of banks' financial condition assessment are not always up-to-date and need to be improved. Lack of generalized risk management and banking experience leads to lower costs and lower profitability of commercial banks. It is important to develop a unified approach to optimizing the banking system, which is impossible without the use of economic and mathematical modeling.